



АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №51-52 (113-114) 19 желтоқсан 2025 жыл

ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ МЕН КЕМЕЛДЕНУІ-ӨТКЕННІҢ ТӘЖІРИБЕСІН, БҮГІННІҢ ҚАРҚЫНЫН ЖӘНЕ КЕЛЕШЕКТІҢ ҰМТЫЛЫСТАРЫН БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫРА БІЛУІНДЕ. ОСЫ ТҮРҒЫДАН КЕЛГЕНДЕ АРДАГЕРЛЕР-ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ КУӘГЕРІ, ЕЛДІК ҚАСИЕТТЕРДІҢ ЖАРШЫСЫ, ҰРПАҚТАР БАЙЛАНЫСЫНЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ. ОЛАР ӨЗ ЕҢБЕК ЖОЛДАРЫНДА ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТІП, БЕЙБІТ КҮННІҢ БЕРЕКЕСІН САҚТАУҒА ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҮЛҒАЛАР.

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ЖИЫНЫ



Ардагер-тек еңбек жолын аяқтаған адам ғана емес, жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілігі сөнбеген, өмірлік тәлім-тәрбие, құнды тәжірибесі бар тұлға. Қоғам оларды құрметтеу арқылы жас ұрпаққа еңбекқорлықтың, адалдықтың, табандылықтың үлгісін көрсетеді.

Бұл күндері олардың тынымсыз еңбегінің тағы бір календарлық жылы арта қалып, қорытындыланатын мезгілге жеткені бар. Соның айқын айғағы болар, Іле ауданының орталығы Өтеген батыр кентінде орналасқан «Париж холл» мейрамханасында облыс ардагерлерінің жылдық қорытынды жиыны болып, онда атқарылған жұмыстарда еңбектері еленгендерге марапаттау рәсімі өтті.

Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының 2025 жылы атқарылған жұмыстарын қорытындылау жөніндегі жиналыстың алғашқы сөзі облыстық филиалдың төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетовке берілді. Ерболат Сапарұлы өз сөзін ұрпақтың алдыңғы буыны саналған Алматы облысының ардагерлер қауымы да өз атына сай тірлік жасап, жастарға үлгі-өнеге көрсету ісіне сүбелі үлесін қосып келе жатқанын айрықша атап өтті. Облыстық филиал басшысы

-Бүгінгі таңда ардагерлердің қоғамдық өмірге белсене араласуы-мемлекетіміздің әлеуметтік жаңғыруының маңызды бағыты, - деп бастады ол өз сөзін. - Облыс көлеміндегі ардагерлер ұйымдары патриоттық тәрбие, қоғамдық келісім, ұлттық бірлікті нығайту ісіне айрықша атсалысып келеді. Олардың ұсыныстары мен пікірлері-қоғамдағы маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуде бағалы ресурс. Себебі көпті көргеннің ойы терең, парасаты биік болады. Осы тұрғыдан келгенде Алматы облыстық ардагерлер ұйымдарының аудандардағы филиалдарындағы әріптестеріміз алға қойған міндеттерін абыроймен атқарып шықты деуге толық негіз бар. Бүгінгі мүмкіндікті пайдалана отырып, сол еңбектеріңізге өзімнің алғыс сезімімді білдіргім келеді.

Одан кейін сөз кезегін алған Алматы облыстық мәслихат төрағасы Қуат Сұлтанұлы Байғоджаев ардагерлерді құрметтеу-ұрпақтар сабақтастығын нығайту, тарихқа тағзым ету екенін тілге тиек етіп, Алматы облысының ардагерлерінің бір жыл ішінде атқарған жұмыстарына оң бағасын берді. Кешегі қиын-қыстау кезеңдердің куәгерлері ретінде олар еліміздің басқа да ардагерлері секілді мемлекетіміздің қалыптасу кезеңіндегі еңбектің, табандылықтың, елжандылықтың үлгісін көрсеткенін айтып, бүгінгі марапат сол еңбектің моральдық төлемі екенін алға тартты.

Облыстық мәслихат төрағасы Қуат Сұлтанұлы осыдан кейін Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының жұмысын ұйымдастыруда басшылық міндетін абыроймен атқарып келе жатқан Алматы облыстық Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Илияс Сейітбекұлы Сүгіровті Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Құрмет» орденімен марапаттады. Одан бөлек, ол кісінің қолынан бірнеше аудандық ардагерлер ұйымдарының төрағалары Алматы облыстық мәслихатының «Құрмет грамоталарымен» марапатталса, Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы қолынан «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісімен, осы кеңестің «Құрмет грамотасымен» және «Алғыс хатымен» бірнеше аудандық ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен өкілдері марапатталды. Сол секілді Ерболат Сапарұлы облыстық Ардагерлер ұйымының «Құрметті ардагері» төсбелгісімен және «Алғыс хаттарымен» бірнеше азаматтарды марапаттады.

Мұндай марапаттардан жас ұрпақ өкілдері саналған «Алатау жастары» жастар ұйымының облыс көлеміндегі төрағалары да шет қалмай, Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының «Алғыс хаттарына» ие болды. Қорытынды сөз кезегін алған Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы



Ерболат Сапарұлы бір жыл ішінде атқарған жұмыстардың нәтижелі болғанын айтып, келер жылы атқарылатын міндеттерге бірлесіп, қол жеткізуге, осы жолда белсенділік танытуға шақырды.

Ардагерлерге қамқорлық көрсету, олардың еңбегін бағалау-қоғамның адамгершілік өлшемін айқындайтын көрсеткіш. Мемлекет тарапынан жасалып отырған қолдау шаралары, әлеуметтік жәрдемдер-олардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған игі бастамалар. Сонымен қоғамның әрбір мүшесі ардагерлерге құрмет білдіруді азаматтық борышы деп түсінгені жөн. Жаңа жылда жаңа биіктерден көрінейік-деп, жиынды қорытындылады.

Батамен басталған жиын дәстүр бойынша Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Әлдибекұлы Исаевтың батасымен аяқталды. Жалпы осындай шаралардың басы-қасында оның шырайлы мәнін келтіріп, шараның салмағына салмақ қосып, көркемдейтін топ өнер адамдары екенін айрықша айтып өткеніміз жөн. Осы орайда шараға келген ағайын Іле ауданының мәдениет саласында жүрген өнер саңлақтарының өнеріне тәнті болып, ризашылықтарын білдіргенін айта кету керек сияқты.

Қорытындылай келе, ардагерлер-елдің жарқын келешегіне жол салған аға буын. Олардың өмір жолы-келер ұрпаққа сабақ, ал қоғамдағы рөлі өлшеусіз. Қадырын білсек, қадырымыз артады, ардагерлерді ардақтау-өткенге тағзым, болашаққа сенім. Жыл соңында болған қорытынды жиналыстан оған қатысушылар осындай ойдың құшағында қайтты.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.
Өтеген батыр кенті.
Іле ауданы.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ТЕРЕҢ МАҒЫНАЛЫ МАҚАЛА

Қонаев қаласының ардагерлері «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Бактықожа Ізмұхамбетовтың *«Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ»* атты мақаласын ықыласпен оқып, терең ойға қалды.

Олар бұл мақалада ел болашағы — жас ұрпаққа бағытталған үлкен сенім мен жауапкершілік жүгін сезінді. Өткенді саралай отырып, қазіргі жастардың болмысын салыстырып, ұрпақ сабақтастығы, тәрбие, руханият мәселелері жөнінде ой түйіндеді. Шын мәнінде бұл терең мағыналы мақала.

Айта кеткен жөн, жақында өткен «Бәсіре» атты балалар кітабының тұсаукесер рәсімі де осы тақырыппен үндесіп, ардагерлерге мол әсер қалдырды. Аға ұрпақ өкілі кітап арқылы ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңірудің маңызын тағы бір мәрте түсінгендей болды. Аталған мақаланы ауылдық округтердегі ардагерлер ұйымдары да талқылауға кірісті. Бұл — ардагерлердің ел тағдырына бейжай қарамайтынының айқын дәлелі.

Базарбай ОРАЛБАЕВ.
Қонаев қаласы.

ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ, ЕРЛІККЕ ҚҰРМЕТ

Ақсай ауылдық округіндегі ардагерлер үйінде «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі ауылдық ұйымының төрайымы Зәуре Жарылқасынованың ұйымдастыруымен «Желтоқсан ызғары» атты жан-жақты мазмұнды дөңгелек үстел өтті.

Шараның құрметті қонағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің қатысушысы Қыдырбек Өтегенов болды. Кездесуді кіріспе сөзбен ашқан Зәуре Қанайбекқызы Желтоқсан оқиғасының Тәуелсіздікке бастар жолдағы тарихи рөлін, оның ел жадында мәңгі сақталатын ерлік парағы екенін ерекше атап өтті.

Оқиға куәгері Қыдырбек Асылбекұлы сол бір сұрапыл күндердің шындығын, алаңдағы алапат толқу мен еркіндікке деген жалынды ұмтылысты тебірене еске алып, жастарға тағылым боларлық ой-пікірлерімен бөлісті. Сондай-ақ кездесуде Ақсай ауылдық Мәдениет үйінің директоры О.Оспанова, ардагер ұстаз Б. Нұрсейітұлы сөз алып, Желтоқсан оқиғасының тарихи, саяси және рухани маңызын тереңірек ашып, елдік пен бірлік жөнінде тағылымды ой қозғады.

Ел басына күн туған шақта қалың қазақтың намысы үшін қаймықпай күрескен ағамызға құрмет ретінде мәдениет майталманы Зәуре Жарылқасынова «Желтоқсан желі» әнін жүрек тебіреніте орындап, қонаққа «Асыл ана» ұйымы атынан сый-сияпат табыстады.

Бұл кездесу – өткенге тағзым, ерлікке құрмет, Тәуелсіздіктің қадірін ұғындыруға бағытталған тағылымды бас қосу болды.

Бағдат БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ.
Іле ауданы.

ӘНШІГЕ ҚОШАМЕТ

Шелек ауылында 40 жылдан бері мәдениет саласында еңбек етіп, өнерімен жұртшылықты тамсандырған әнші, өнер иесі, бүгінде «Ай әжелер» ансамблінде өнер жолын жалғастырып жатқан Қалбүбі Исақованың шығармашылық кеші салтанатты жағдайда аталып өтті.

Әншіге облыс әкімінің құттықтау хаты, сол сияқты аудан, ауыл әкімінің құттықтаулары оқылып, құшақ, құшақ гүл шоқтары ұсынылып, басқа да сыйлықтар табысталды. Жерлестерінің қошеметіне бөленген Қалбүбі Исақова осындай тамаша кешті ұйымдастырғандарға шынайы алғысын білдірді.

Әбілбек АЙТАҚЫНОВ.
Еңбекшіқазақ ауданы.

Подведены итоги годовой работы



**Недавно в поселке Отеген ба-
тыр прошло итоговое собрание
Алматинского областного фи-
лиала РОО «Организация ве-
теранов». Мероприятие состо-
ялось в известном в райцентре
роскошном комплексе «Париж
холл».**

Со всех районов Алматинской обла-
сти сюда приехали председатели совета
ветеранов районов и сельских округов,
председатели общественных объедине-
ний «Асыл ана», руководители молодеж-
ных организаций «Алатау жастары». До
этого в каждом районе и поселке состо-
ялись отчеты первичных организаций
о проделанной на местах работе. Все это
позволяет утверждать, что в недавно со-
зданной общественной структуре - Ал-
матинском областном филиале РОО «Ор-
ганизация ветеранов» возглавляемым
Турумбетовым Ерболатом Сапаровичем,
выстроена четкая вертикаль взаимодей-
ствия «село-район – область». И сегодня
на подведение итогов собрались лучшие
представители и активисты среди вете-
ранов, матерей и молодежи.

Выступая перед собравшимися, пред-
седатель областной ветеранской органи-
зации Ерболат Турумбетов отметил, что в
канун дня независимости нашей страны
и нового года, как и во всех организаци-
ях, учреждениях, коллективах, принято
подводить итоги годовой работы, отме-
чать передовиков, активистов, намечать
планы на новый год. Он напомнил о том,
что и ветеранские, и молодежные орга-
низации провели много важных и нуж-
ных дел. Это в первую очередь встречи,
патриотические и благотворительные
акции, «круглые столы», форумы, кон-
ференции, спортивные турниры. Также
свою нишу расширяет новое печатное
издание ветеранов – газета «Алатау ар-
дагері».

Небольшое отступление. Ветераны,
как видим, не только хранители истории,
но и активные участники обществен-

ной жизни, влияющие на формирование
личности молодого поколения. И госу-
дарство под руководством президента
Касым-Жомарта Токаева, придает боль-
шое значение уважению по отношению
к ветеранам, сохранению исторической
памяти и диалогу поколений, потому
что это укрепляет социальную ткань об-
щества и помогает им осознать свои
гражданские обязанности.

Также нелишне напомнить, что в по-
следние годы государство проводит
большую работу по поддержке старшего
поколения. Это ежегодная индексация
пенсионных выплат, создание центров
активного долголетия, развитие «сере-
бряной экономики», участие пожилых
людей в работе, упрощенный доступ к
льготам, программы скрининга, профи-
лактики здоровья и.т.д. Это дает динами-
ку роста качества жизни. По последним
данным ожидаемая продолжительность
жизни в 2024 -2025 гг. составила пример-
но 75,4 – 75,8 года. Это значение стало
выше предыдущих лет и выше чем в
странах СНГ и мирового среднего пока-
зателя.

Но вернемся в зал «Париж холла».
Ведущий представил слово председате-
лю Алматинского областного маслихата
Куату Байгоджаеву. После его поздрав-
ительной речи настала самая прият-
ная миссия - церемония награждения и
Куата Султановича попросили ее начать.
Первым высокой чести удостоился И.С.
Сугуров, заместитель председателя об-
ластного филиала РОО «Организация
ветеранов». Он награжден государствен-
ным орденом «Құрмет». Здесь стоит отме-
тить, что в лице И.С. Сугурова, респуб-
ликанская организация ветеранов, отмечает
успешную деятельность ветеранов всего
Алматинского региона, их значимость
и достижения. От души поздравляем
Ильяса Сейтбекулы с высокой оценкой
его труда, а также всю нашу организа-
цию, к слову, впервые отмеченной на
столь высоком уровне.

Также почетных грамот областного
маслихата, удостоены Матан Рахымбер-
генулы Бекбосынов и Бекболат Ибраиму-

лы Бирбаев, председатели Талгарского и
Райымбекского филиалов РОО «Органи-
зация ветеранов».

Далее ведущий к церемонии награж-
дения приглашает Ерболат Сапаровича
Турумбетова. Ну и самыми титулованны-
ми аксакалами в этот день стали: Куджа-
бекова Даша Ултанбековна (Талгарский
районный совет ветеранов); Максумов
Ясын Максумович (Балхашский район-
ный совет ветеранов); Нургалиева Ну-
рипа (Кегенский районный совет ветера-
нов); Нукеева Зоя и Асылбекова Кульшар
Касеновна (Жамбылский районный со-
вет ветеранов); Тойшыбаев Изтлеу (Го-
родской совет ветеранов города Конаев);
Бекмуратов Асылкан Толегенович (совет
ветеранов города Алатау); Ажыбаев Бе-
кет (совет ветеранов Уйгурского района);
Огузбаева Жанылсын Жумагельдиевна
(Илийский районный совет ветеранов);
Егеубеков Егинбек Егеубекевич (совет
ветеранов Карасайского района); Аби-
бов Осман Мамедович (Совет ветеранов
Енбекшиказахского района); Койлыбаев
Бек Бекзатулы (Совет ветеранов Райым-
бекского района). Все перечисленные
граждане получили звания « Почетный
ветеран Алматинской области и награж-
дены дипломами от Алматинского об-
ластного филиала РОО « Ветеранская
организация».

Стоит отметить, что нагрудным знаком
«Құрмет белгісі» от республиканского
объединения «Ветеранская организация»
отмечены два человека – Бахыт Скабаев,
руководитель Балхашского районного
совета ветеранов и Бағдат Байпабаева,
руководитель общественного объеди-
нения «Асыл ана» Илийского района.
Также были награждены грамотами, ди-
пломами и ценными подарками другие
участники собрания, в числе которых
представители молодежных организа-
ций, женских объединений «Асыл ана»
и совета ветеранов, с чем всех от души
поздравляем!

В течение всего мероприятия концерт-
ные номера показали артисты районного
Дома культуры имени Нургисы Тлендиева.
Рамазан ЕЛЕСШЕВ.

● ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Желтоқсан оқиғасына қатысушылармен кездесу өтті

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай Кеген ауданында ерекше тағылымға толы кездесу өтті. Аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысып, елдің егемендігін аңсап алаңға шыққан ардақты азаматтармен жүздесті. Бұл жүздесу – тарихпен тілдесу, тағзым мен тағылым сәті болды.

Аудан басшысы Нұрбақыт Молдахметұлы өз сөзінде:

– Қазақ халқының тәуелсіздікке жетуі – ғасырлар бойғы күрестің, қанмен жазылған шежіренің жемісі. Ал Желтоқсан оқиғасы – сол күрестің соңғы, бірақ ең жарқын беттерінің бірі. Сіздердің сол кездегі өр рухты ерліктеріңіз – бүгінгі бейбіт күннің бастауы, – деп Желтоқсаншыларға зор алғысын білдіріп, шынайы құрмет көрсетті.

Жиында Кеген ауданының Құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбеков ақсақал тағылымды ой айтып, қатысушыларға ақ батасын берді. Аудан прокуроры Алмат Данилов пен аудандық мәслихат төрағасы Алмасбек Нұғман ел тарихындағы бұл күннің маңызын атап өтті.

Желтоқсан оқиғасына тікелей қатысқан азамат, “Желтоқсан



ақиқаты” республикалық қоғамдық бірлестігінің Кеген аудандық

филиалының төрағасы, аудандық мәслихат депутаты Ерғали Талипов

еркіндік үшін күрескен ұрпақтың аманатын жеткізді. Ал аудандық мәслихаттың депутаты Нұргүл Қызылбекова жүрек тебірентер естеліктерімен бөлісіп, сол күндердің жан жарасын өлеңге айналдырған сәтерін тебірене оқып берді.

Иә, Желтоқсан- тек қанды оқиға емес, ол – ұлттық рухтың алауы, азаттықтың алғышарты. Сол күндері қаһармандық көрсеткен қазақ жастары – бүгінгі ұрпаққа тәуелсіздіктің жарық сәулесін шашып кеткені ақиқат.

Кездесу соңында аудан әкімдігі тарапынан Желтоқсан оқиғасының ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, естелік сый-сияпаттар табысталды.

Лаура ҚАРАСАРТОВА.

● ТӘУЕЛСІЗ ДЕГЕН-ТӘТТІ ҰҒЫМ

Ежелден еркіндік аңсаған

Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмасыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отансоғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл - тарих. «Өткенімізді ұмытсақ,

болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәттегі туған жерді, ата-бабаларының кіндік қаны тамған топырақты құшырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде қалайша толқымассың?!

● ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



Жоба аясындағы кездесу

Байкент ауылдық аймағында орналасқан 45-мектеп-гимназиясында ауыл әкімшілігінің қолдауымен «Мәдениетті Ана – мәдениетті ұлт» жобасы аясында «Құндылықтан қуат алған шаңырақ» атты тағылымды іс-шара өтті.

Отбасы тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған кездесуге мектеп оқушылары мен аяулы аналар қатысты. Құндылықтан қуат алған шаңырақ-берекенің, бірліктің және рухани мықтылықтың мекені. Мұндай отбасында сыйластық пен сенім, еңбекқорлық пен жауапкершілік басты орын алады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – құндылық.

делікті өмірлің қағидасына айналады. Ата-ана өз ісімен үлгі болып, адалдықты, сабырды, мейрімділікті баланың бойына сіңіреді. Тағылымды кездесуге қонақ ретінде шақырылған ауылымыздың үлгілі тұрғыны, өнегелі отбасы иесі, профессор, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Ашилова Мәдина осы мәселеге ерекше тоқталды.

Кеш барысында ұрпаққа үлгі боларлық ойлар айтылып, шаңырақтың берекесі мен рухани құндылықтар жайлы тағылымды пікірлер ортаға салынды. Көпшілікке әсерлі көріністер ұсынылып, қатысушылар жүрекжарды тілектер айтты.

Шынында да құндылықтан қуат алған шаңырақ-қоғамның іргетасы. Ол ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өнегені сақтап, болашаққа нық қадам жасауға жол ашады.

А.БАИМБЕТОВА.
Байкент ауылы.

● ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәрбиенің қайнар көзі

Елтай ауылдық округінде “Асыл ана” қоғамдық бірлестігі ауылдық ұйымының жоспарына сай, мектептердің 9-10 сынып оқушыларымен “Ұлттық құндылық - тәрбиенің қайнар көзі” тақырыбында пікірталас өтті.

Оған аудандық ардагер ұйымының төрағасы С.Мәсімақынов, “Асыл ана” қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ұ.Бархинова, ардагер ұйымының хатшысы Гүлжан апай мен С.Бертайұлы, ауылдың үлкендері мен оқушылардың ата-аналары, мектеп оқушылары қатысты.

Бұл шараның мақсаты — оқушыларды көшбасшылыққа, сөз сөйлеу шеберлігін шыңдау, өз ойын тұжырымдай алуға бағыттау.

Пікірталасқа О.Исаев орта мектебінің оқушысы А.Бұжбанова, Б.Тамабаев атындағы

қатысты.

Оқушылардың талқыланған мәселе төңірегінде қарсы пікір білдіріп, фор-



малданған талқылауға түсе отырып, статистикалық мәліметтер келтіре алуы ерекше болды. Әр оқушы

ұлттық құндылығын бағалаған ел ғана заманына сай болады деп тұжырымдады. Сол құнды мәдениетімізді ұсынғанда ондағы маңызды мәселелерді көрсете отырып, дүниелерімізді әлемге таныту туралы айтылды. Ойдан ой туындайтын мәселер әлі де жалғасын табады. Екі топ оппозиция мен

үкімет болып, біраз тың мағлұматтар баяндай отырып, қарсы топқа өз ойын толық жеткізе алды. Бұл пікірталас соңы татулық пен ымыраға келу арқылы шешілді. Елжандылыққа, ұлттық сана-сезімге, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеудің қайнар көзі деп саналды. Аталарымыз батасын беріп, мадақтама сөздерін айтып, мақтау қағаздары табысталды.

Сонымен қатар, жас ұрпақтың бойында патриоттық рухтың қалыптасқанын, олардың әрбір айтқан сөздері шынайы жүректен шығып жатқанына көзіміз жетті. Болашақты көзі ашық, көкірегі ояу жастарымыз жалғастыратынына сеніміміз мол демекпін.

Өз тілшіміз.
Қарасай ауданы.



орта мектептен Т.Әмірғазина, М.Бейсебаев атындағы орта мектептен Н.Рустамов, Елтай жайлы мектеп оқушысы Н.Асылбек, Жармұханбет орта мектебінен Е.Нұрсапа, Береке орта мектеп оқушысы А.Есенғали, Жармұханбет №2 орта мектебінен Н.Мейрамбай, Көкөзек жайлы мектебі оқушысы Н. Отарбек

өз сөздерінде ұлттық құндылықтар туралы дәлелдер мен қанатты сөздерді ұтымды қолданды. Цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект бойынша жұмыс жасау, жаңашылдыққа ұмтылу арқылы ұлттық құндылықтарды дамытуды ерекшелендіріп, болашаққа бәсекеге қабілетті өзінің

Міне, ежелден еркіндікті аңсаған азат халқымыз тәуелсіздігін тойлады. Қазақстан, тәуелсіз мемлекет ретінде, дүние жүзіндегі барлық елдерге түгелдей дерлік танылды.

Тәуелсіздік! Тәуелсіздік деген кастерлі сөз екен-ау!

Шыдамадым қапасақ,
Кеңшілікке қаштым.
Көндікпедім матауға,
Асау атша бастым.
Уһ, шырқап, зымырап,
Сұңқардай зулап ұшайын! Ұшайын!-деп,
дүние құндылығы бостандықта екенін Сә-

● АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ!

Алатау қаласындағы №5 орта мектепте қазақтың көрнекті ақыны, ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған ерекше шара болып өтті. «Абай әлемі» деп аталатын кештің мақсаты — қазақтың бас ақыны, ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын насихаттау.

Шығармалары насихатталды

Шараға Алатау қаласы әкімінің орынбасары Гүлбану Несіпбаева, Алатау қаласы білім бөлімінің басшысы Гүлжан Жұбайқызы, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Құрмет» орденінің иегері Болат Әзімбаев, ҚР Жастар одағы «Серпер» және Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтардың лауреаты, Қазақстанның Жазушылар одағының «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әлібек Шегебай, «Жас алаш» газетінің бас редакторы, абайтанушы, жас ғалым Бағашар Тұрсынбайұлы, сонымен бірге Абай атындағы дарынды балаларға арналған мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, философия ғылымдарының докторы (PhD), аға оқытушы, «2022 жылдың үздік педагогі» Майра Мәлік қатысты.

Шара барысында қонақтар Абай Құнанбайұлының мұрасын зерттеу және насихаттау бойынша жасаған еңбектерін, қосқан үлесі туралы айтып өтіп, қонақтарға ұлы ақын

кен Сейфуллин атамыз да жырлап өтті. Бәрінен бұрын адамның жан дүниесі, рухы мен ар — ұжданы азаттықты тілейді екен. Сол халқым өз табиғатына тән тіршілік кешкісі келсе, несі айып? Ақыры бұғау біткенге сыймай, шідер біткенді шірей тартып, халқымыз тәуелсіз ел дербестігіне қол жеткізді. Тәуелсіздік — ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт — сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

Әдемі ҒАНИҚЫЗЫ.
Кеген ауданы.



● ТҰСАУКЕСЕР

АНТ ҚАБЫЛДАДЫ



2025 жылы 11 желтоқсан күні Елтай ауылдық округіндегі Елтай жайлы мектебінде “Тәуелсіздік туын қорғау - жас ұрпақтың қасиетті борышы” клубының ашылу салтанаты болды. Бұл салтанат болашаққа жол ашқан жаңа белес деп айтсақ та болады.

Себебі Елтай жайлы мектебіндегі 7-8 сыныптардан ашылған “Жас шекарашылар” клуб оқушылары ант қабылдады. Оған Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының міндетін атқарушы подполковник Т.Табылдиев, “Застава тарландары” атты республикалық қоғамдық бірлестігіне қарасты Алматы облысы филиалының төрағасы С.Қамышев, шекарашы, ардагер, Ауғанстандағы ұрыс іс-қимылдарының қатысушысы, отставкадағы полковник, Алматы қаласының тұрғыны Қ.Тергенбаев, Елтай ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Салибеков, “Асыл ана” қоғамдық бірлестігі төрайымы К.Исабаева және өлкетанушы, ардагер ұстаз О.Жәңділ қатысып, өз құттықтаулары мен ізгі тілектерін білдірді.

Соңында әуезді ән арқылы елге, Отанға деген сүйіспеншілік оята отырып мың бұралған қыздарымыз би биледі. Ерлік пен елдікті ұран еткен шекарашы сарбаздардың іс-қимылдары көрсетіліп, жас болашақ сарбаздарымыздың қызығушылықтарын арттырып, табандылық пен қайсарлықтың, тәртіптің берік ұстанымын көрсете кетті.

Сонымен қатар “Жас шекарашылар” клубы ресми түрде жұмыс жасау үшін мектеп директоры Н.Сыдыкова мен Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының міндетін атқарушы подполковник Т.Табылдиев келісім меморандумға қол қойды.

“Жас шекарашылар” клубы-болашақ сарбаздарды тәрбиелеудің алғашқы баспалдағы. Бүгінгі қабылданған жас шекарашылар бойынша заман талабына сай болашаққа деген сенім мен намысты, жігерді байқадық. Отанымыздың мемлекеттік шекарасы берік, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, баянды болсын!

Өз тілшіміз.
Қарасай ауданы.

АНТАРКТИДАНЫҢ ЕКІ СТАНСАСЫНДА БОЛҒАН метеоролог Сансызбай Мәгібековты осы жұрт біле ме екен?

Ұзын бойлы, ақшыл сары өңді, басында теңізшінің бас киімін киіп, кеудесіне “Құрмет” орденін таққан ел ағасымен Қонаев қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев: “Мәңгі мұзды құла дүз - Антарктиданы екі жыл қыстап келген поляршымен таныс болыңыздар” дегенде құлағым елен ете қалған еді. Қалада бірнеше жыл тұрып, газетте жұмыс істеген жылдар ішінде тарихта ізі қалған бұл кісіні қалай білмей келгендігіме кәдімгідей қымсынып қалған едім.

Солтүстік полярдың қатаң табиғатымен 1976-1978 жылдары Мурманск облысының Северморск қаласында Солтүстік флоттың №74103 әскери бөлімшесінде азаматтық борышымды өтегенімде танысып қайтқаным бар. Күн көкжиектен шықпайтын қыстағы алты айлық поляр түніне, жазда керісінше алты ай поляр күні орнағанда алғашқы жылдары төселе алмай жүргенім естен кетпейді. Ал Солтүстік шұғыласы көздің жауын алар әсем көріністердің бірі еді. Ол аяз қысып термометр 40 градустан асқанда, аспан төрінде құбыла ойнағанын талай тамашаладым да. Ғалымдардың айтуынша, аязды күндері күн энергиясы солтүстік шұғылаға айналады екен. Бұны өмірінде бір рет көрген адамның жолы болғыш деп ырымдайтуғындығы тағы бар еді.

Антарктидада табан ізін қалдырған Сәкең жайлы әне-жазам, міне жазам деп жүргенде бірер апта өз ізін салып үлгерді. Қалалық ардагерлер ұйымының мүшесі болып қатарға қосылған Сәкеңмен кең отырып әңгімелесудің сәті түсті-ау ақыры. Мұз еліне қадам басқанға дейінгі өмір жолы өз замандастарынан ешқандай айырмашылығы жоқ.

Сансызбай Жұмабайұлы Мәдібеков 1950 жылы 27 қаңтарда бұрынғы Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданына қарасты Алғазы



елді мекенінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1967 жылы балық кәсіпорнында жұмысшыдан бастап, 1970 жылы комсомол-жастар бригадасының бригадирі болды. 1968-1970 жылдары әскер қатарында радист болып азаматтық борышын өтеп қайтты. 1972 жылы Алматы гидрометеорологиялық мектебін бітіріп, «Казгидромет» мемлекеттік кәсіпорынның «Алғазы» метеорологиялық стансасының бастығы болып тағайындалады. 1972-1975 жылдары Ташкенттегі гидрометеорологиялық техникумында оқып, техник-метеоролог мамандығын алады. Одан кейін Целиноград облысы Малиновка ауданында жаңадан ашылған стансада қызмет етеді. Ол жұмыста да өзінің біліктілігін жан-жақты көрсетіп, 1978 жылы Қапшағай су қоймасының маңындағы «Қарашоқы» стансасына ауысып, 1988 жылдың ақпан айына дейін метеорологиялық стансаның басшысы болып қызмет атқарады. Осы тұстан біздің әңгіміміз Сансызбай Жұмабайұлымен сабақтасқан еді.

«Кеңес одағы кезінде метеорологиялық стансалардың жұмысы қатаң бақыланатын. Жылына екі рет Мәскеуден арнайы комиссия келіп, станса қызметін жіті тексеріп тұратын заңдылығы да бар еді. Өзін жақсы жағынан көрсеткен мамандарды кәсіби шеберліктерін шыңдауға шетелге іссапарға жіберетін. Осы мүмкіндікті пайдаланып, біраз әріптестер Вьетнам, Африка, Кубаға барып, мол тәжірибе жинап қайтып жүрді. Алматыдан Виктор Иванович Черниченко, Талғар қаласынан Сергей Дмитриевич Жданков Антарктида экспедициясына қатысып қайтқандардың бірі еді. Менің бойымда да «Адам аяғы баспаған жерді бір көріп қайтса ғой шіркін!» деген арман анда-санда кеудемді бір бүлк еткізіп қоятын.

1987 жылы шілде айында «Қарашоқы» стансасына Мәскеуден жұмыс тобы келді. Мақсаты – жаңадан жасалған құрылғыларды сынақтан өткізу. Солармен бір апта бойы бірге жұмыс істеудің сәті түсті. Қолынан келгенше көмектесуге тырыстым. Иванов деген топ жетекшісі қайтар кезде менімен әңгімелесіп: «Сенің жұмысыңа көңілімнің тынған жайы бар. Бір өзің метеоролог пен радистен бөлек трактор да, көлік те жүргізесің, қайық та есесің, дизельді тілін білетін маман екенсің, оның үстіне асу эзирлеудің шеберлігіне тәнті болдым. Қазір Москвада Антарктидаға баратын кезекті экспедиция мүшелері жасақталып жатыр. Бізге өзің сияқты бесаспап маман керек. Қатарымызға қосылуға қалай қарайсың?» – деп ұсыныс жасады. Бұнымен өте тосын әрі қуанышты хабар ретінде қабылдадым.

Антарктидалық экспедиция құрамына ілігу оңай болмады. Жарты жылым құжаттар

дайындаумен өтті. Комиссиядан комиссия, талай тексеру сынақтарынан өту үшін Алматы-Мәскеу-Ленинград арасын жол етуге де тура келді. 1988 жылы 15 ақпанда құрамында 125 мүшесі бар 33-ші Кеңес Антарктидалық экспедициясы Ленинградтан Антарктидаға ұштық. Экспедиция құрамындағыадамдар Украина, Беларусь, Балтық елдерінің өкілдері еді. Ал Орталық Азиядан қатысқан жалғыз мен болдым. «ИЛ-76» ұшағы Ленинградтан әуеге көтеріліп, 5 сағат ұшып Йемен Республикасының Адем қаласына келіп қонды. Онда біраз аялдаған соң, тағы 5 сағат ұшып Мозамбикке жеттік. Осында төрт күн аялдап, 20 ақпан күні Мозамбиктен Антарктидаға дейінгі әуе жолымен 9 сағат ұшып, мәңгілік қыс елінің мұз үстіндегі «Вечерка» әуежайына қонып, «Молодежный» стансасына қадам бастық.

Ол кезде «Молодежная» стансасы Кеңестік Антарктиданың астанасы болып саналатын. Базада көшелерге бөлінген жетпіске жуық гимнарат болды.Онда бір уақытта 150-ге дейін адам тұрып, жұмыс істеді. Тұрғын үй кешендері мен ғылыми-зерттеу зертханалары ғана емес, сонымен қатар мұнай базасы мен «Ил-76» сияқты үлкен ұшақтарды қабылдауға қабілетті үлкен аэродром да бар еді.Сол уақытта Антарктида аумағында Кеңес одағына қарасты «Восток»,



«Беллингаузен», «Новолазаревский», «Мирный», «Прогресс», «Русская», «Пионерская», «Комсомольская», «Ленинградская» сияқты бірнеше станса жұмыс істеді.

Ұзаққа созылған күшті теңіз дауылына, қарлы боранына, тұмшалы тұман мен ұдайы зәрі сынбайтын аязға, соғатын қатты желге бастапқы уақытқа көндігу қиынырақ болды. Бағыма қарай «Вечерка» стансасына радист етіп қалдырды. Олай дейтінім жұмыс орным арнайы салынған үйде болғандықтан, сыртқа көп шыға бермейтінім. Біраз тәжірибе жинақтаған соң «Молодежный» стансасындағы радистер бюросына радист-новигатор болып ауыстырды. Мұнда 20 адам кезекпен жұмыс істедік. Жұмыс кестеміз әскери тәртіпке ұқсайтын. Маған жүктелген басты міндет ұшақтарды қабылдау, орталыққа метеорологиялық ақпараттарды жөнелту, Мәскеумен байланысқа шығу сияқты аса жауапты тапсырмалар жүктелді. Стансадағы ғылыми қызметкерлер мен мамандар метеорологиялық, гляциологиялық, географиялық, астрономиялық, геологиялық, физиктер, биологтар, сейсмологтар, биомедицина, «озон тесігі», мұхиттардағы су деңгейінің жоғарылау мәселелерімен және басқа да ғылыми зерттеулермен айналысты. 1988 жылдың желтоқсан айында «Новолазаревский» стансасына жұмысқа ауысып бардым. Бізге жақын жердегі «Шермахрь» мұз тауында немістің «Гар Фостер-2», Индияның «Метрий» стансалары жұмыс істеді

-Уақытты қалай біліп отырдыңыздар?

-Антарктида жер бетіндегі ең жұмбақ және ең аз зерттелген континенттердің қатарына жататын, сонымен бірге ешбір мемлекеттің үкіметімен басқарылмайтын Жер бетіндегі жалғыз аймақ статусына ие екендігін өзің де білетін шығарсың. Антарктидада ғана жұлдыздар сағат тіліне қарсы бағытта қозғалады, Сондай-ақ бүкіл планета бойынша сағат белдеуі мен уақыт аймағы жоқ жалғыз материк. Яғни, ол жерде қандай да бір жеке уақыт жоқ. Сағат белдеулері бірігіп қосылатындықтан, олардың барлығын бірнеше секундта өтуі мүмкін. Сондықтан Антарктиға барған экспедиция мүшелері өз елінің уақытымен жүреді. Түсініктірек айтсам мұнда мәселен, «Мирный» стансасындағы уақыт жүйесі Алматымен бірдей болса, ал «Новолазаревскийде» Алматыдан 9 сағатай алшақтығы бар еді.

- «Аяқ жетпес» жерде сізді не таң қалдырды?

-Мені таңғалдырған нәрсе көп.1820 жылдың 28 қаңтарында орыс теңізшілері Михаил Лазарев пен Фаддей Беллингаузен ешқандай техникасыз, рациясыз барып, Антарктиданы



қалай ашты деп ойлаймын. Антарктидада бір жыл жаз бен қыс болып екі ғана маусымға бөлінеді. Көктем мен күз маусымдары мұнда жоқ. Сәуірден қазанға дейін қыс ең ұзақ поляр түні (179 тәулік), қарашадан келесі жылдың наурыз айына дейін жаз ең ұзақ поляр күні (186 тәулік) саналады. Жазда ішкі құрлықтық өңірлерінің температурасы –35, –15 селси градус,ал қыста 90, –91 градус айналасында болады. Бірақ күн қанша суық десең де ауаның тазалығы сондай, тынысың кеңіп, сарайың ашылады. Бір қызығы мұхитқа таяу солтүстігі біршама жылы да, оңтүстігі мейлінше суық.



«Молодежный» стансасынан «Новолазаревский» стансасына ұшып бара жатқанымда, «Королева мот» тауын көрдім. Мұз сахарасында алып таудың ұшар шындары артымызда қалып бара жатты. Міне, осыдан кейін таңқалмай көр. Антарктидада тырнақтай нәрсенді қалдыруға немесе сол жердің бір түйір тасын алып кетуге мүлде болмайтындығына не айтуға болады?.

-Жүріп-тұруларыңыз қалай реттеліп отырылды?

-Әңгімемнің басында жұмыс кестеміз әскери тәртіпке ұқсайды деп айтқанымдай, рұқсатсыз стансадан ешқайда шығуға болмайды. Өйткені ауа райы аяқ астынан бір демде құбылып шыға келуі мүмкін. Асхана мен жатын орын үйлердің арасына керілген ұзын арқанмен жүріп-тұру ережесі бекітілген. Баратын жеріне қанша асығыс болсаң да жалғыз баруға болмайтындығы тағы бар. Бұл талапты орындамасаң, бет қаратпай ұйтқи соққан бораннан адым атам жерде тұрып-ақ адасып кетуің оп-оңай. Біздің экспедициядан осы ережелерді елемей, салғырт қараған 4 адам қайтыс болды. Олардың мәйіттерін арнайы жасалған мұз қорымға мырыш табытпен қаз-қатар қойып, жерледік. Жерледік дегенім аты ғана. Олар мұздақта қалған альпинистер сияқты мәңгілік мекендерін Антарктиданың мұз үстінен тапты.

Жұмыс істейтін орын мен жатын бөлмеде бір аптаға жететін азық-түлік қоры міндетті түрде сақтаулы тұратын. Неге дейсіз бе? Өйткені ауа температурасы – 50 градустан асқанда далаға шығу тіптен мүмкін емес еді. Аяздың беті қайтқанша ешқайда шықпай төрт қабырғаға камалып отыру қаншалықты ауыр болса да, бұйрық райлы тәртіпке амалсыз бағынуға тура келетін. Уақыт өте келе оған да бой ұсындық. Жазының өзі 15-30 градус, қысы 60 градустан бір түспейтін мұз елінде біздер тек түйе жүнінен тігілген киімдерді кидік.

Мемлекеттік арнайы экспедиция болғандықтан тамақтан қысылған жоқпыз. Ас мәзірін Мәскеу мейрамханаларында жұмыс істеген, кәсіби сыннан өткен өз ісінің нағыз шеберлері дайындайтындықтан «Құстың сүтінен басқасының» бәрі дастарханамызда самсап тұрды.

-Мерекелер қалай аталып өтуші еді?

- Жаңа жылмен әр елдің мемлекет басшылары осындағы метеостанса қызметкерлерін құттықтайтын керемет дәстүрі бар екен. Соның бірін мен 1989 жылы АҚШ Президенті Рональд Рейганның жолдаған құттықтау хатын қабылдап алып, экспедиция мүшелеріне жеткізген едім. «Новолазаревский» стансасында туған күнімді тойлағаным да есімнен кетпейді.

Басшылардың рұқсатымен 2 шыны жеңіл-желпі ішімдік босатты. Бар өнерімді салып, жақсылап палау пісірдім. Бөлмедегі төрт жігітпен жекеменшік мереке қуанышын атап өттім.

«Палау пісірдім» демекші, орайы келіп тұрған әңгімеге тұздық болсын. Талдықорған облысы Үштөбе қаласының тумасы Қазақ географиялық қоғамының мүшесі, география ғылымының докторы, профессор Орденбек Мазбаев 2011 жылы Оңтүстік полюске, яғни Антарктидаға автоэкспедицияны бастап барып, Гиннестің рекордтар кітабына енді. Онда еліміздің көк байрағын тігіп, әнұранымызды әуелетті. Нәтижесінде «108 сағат» деген деректі фильм түсірді. Ол 60 градусық сақылдаған сары аязда қазан көтеріп, қазақша ет асқан марқасқа азамат. Ұлттық тағамымыздан экспедиция құрамындағы Норвегия, Польша, Германия, Ресей, Франция, Америка, Малайзия елдерінің өкілдері де дәм татыпты.

-Антарктида қандай аңдар мен құстарды көрдіңіз?

-Қытайдағы қандастарымыздың арасынан 2008 жылы қараша айында Антарктиданы көзімен көріп, тексеру жүргізу үшін өз қаражатымен барған тұңғыш қазақ Құсымай Зарқұмарұлының есімі Қытайдағы қандастарымызға ол білікті басшы, сындарлы зерттеуші ретінде жақсы таныс. Оның айтуынша, Антарктидада құстардың 10 мыңға жуық түрі бар екен. Соның 300 түрлісін көзімен көргенін, кейбір құстардың қанатының ұзындығы-3.5 метрге жететінін, ал балпанақтың өзі 7 түрлі болатынын, оның ең биігі 1.3 метр, салмағы 38 килограм болатынын, ең үлкен тюленьдердің бойы 3-3.3 метр, салмағы-3 тонна 800 килограм бола-



тынын, Антарктидада қазірге дейін байқалған ең үлкен киттің ұзындығы-33.6 метр, салмағы 190 тонна екендігін, 100 жылдан астам өмір сүретінін айтып, оларды фотоға түсірген. Құсымайдың қатты әсерленгендігі соншалықты, осынау ғажайып сырлы әлемнің бар болмысын аппарат көзіне түсіріп алуға тырысып, саусақтарының мұздап, икемге келмей қалғанын да аңғармапты. Мұны 2009 жылы «Түркістан» газетінен оқыған едім.

Антарктидада императорлық пингвиндерді, морждарды, тюлендерді көрдім. Бірақ Құсымай суреттегендей тым үлкен емес. Екі-үш рет топ болып көңіл көтеру үшін қалыңдығы 2 метрден асатын мұзды бұрғылап, ойық жасап, еті жеуге жарамды «нататени», «лидьянка», «торпак» деп аталатын майда балықтарды ұстағаным бар.

-Мұз еліндегі қандай ғажайыптарды атап айтар едіңіз?

-Зерттеуші Эрнест Шеклтон мен Роберт Скоттың ағаш кабиналары- Антарктиданың көне жәдігерінің бірі. Кейініректе пайда болғандары да бар. Олардың қатарына арктикалық стансаларда орналасқан қала атауларының бағаналарын жатқызуға болады. Полярлық зерттеушілердің қыстауға келіп, осы нүктеден туған жеріне дейінгі қашықтық көрсетілген тақтайшаны бекіту дәстүрі сақталған. Мен Қазақстаннан бірінші болып, 1989 жылы ақпан айында «Новолазаревский» стансасына «Қапшағай, ҚазССР, 14273 шақырым» деп айшықтай жазылған тақтайшаны бекіттім.

2009 жылы «Қазгидрометтің» қызметкері Қадырбек Бектұрсынов «Мирный» полярлық стансасында екінші тақтайшаны орнатты. Онда: «Талғар, 11 959 шақырым» деп жазылған. Қадырбек-54-ші арктикалық экспедицияға қатысып қайтқан Қазақстанның өкілі. Оның басты міндеті айсбергтерден мұз сынамаларын алу және оларды қазақстандық үлгілермен салыстыру болды. Бұл Қазақстанның ғалымдарына ғаламдық жылынуудың себептерін жақсы түсінуге және республикадағы климаттың өзгеруін болжауға көмектесті.

-Антарктидада түрлі мемлекеттердің шіркеулері салынған деседі. Бұл қаншалықты рас?

-Біз экспедицияға барған жылдары Кеңес одағында «Дін-апиын» деген ұстаныммен қандай да бір діннің насихатталуына жол берілмеді. Кейін одақ тарағаннан кейін ресейлік Беллингаузен антарктидалық стансасының жанында Әулие Троица шіркеуі салынғанын естідім. Қазіргі кезде Антарктида әртүрлі кон-

фессиялардың бірнеше ғибадатханалары бар. Олардың ішінде: америкалық христиан капелласы - Қар шіркеуі, Болгарияның полярлық стансасында салынған Әулие Иван Рылский часовнясы, аргентиналық Әулие Франциск Ассизский шіркеуі, Чилидің Santa Maria Reina de la Paz часовнясын айтуға болады.

-Мен әскери қызметте жүргенімде Северморск қаласында қарапайым жұмысшының өзі айына 700 сомнан жалақы алып жүрді. Егер құпия болмаса сіздің еңбегіңіз Антарктидада қалай бағаланды?
- «Қарашоқы» стансасында басшылық қызметте істегенімде ай сайын 132 сом алып жүрдім. Ал Антарктидада жалақым 500 сом болды. Тамағымыз бен киіміміз, жатын орнымыз тегін болғандықтан оған бір тиын да ақша жаратқан жоқпын. Экспедиция жұмысын аяқтаған соң 6 айға еңбек демалысын берді. Сол кездегі ақшамен есептегенде, бұл өте қомақты қаражат еді. Сонымен бірге экспедицияға қатысқандарға тұрған жері арқылы кезексіз жеңіл автомашина алуға рұқсат қағаз берді. Менің алдымда Қазақстаннан барған басқа ұлт өкілдері бұл игілікті пайдаланды. Маған келгенде осы шарт белгісіз себептермен өзгеріп сала берді. Ақыры 1991 жылы Кеңес одағы ыдырап, әркім тұрмытай тұсымен кеткенде жеңілдіктердің бәрі сап тиылды.

-Ауыл жақпен хат-хабар алмасу қиындық тұғызбады ма?

-Айына екі рет рациямен Мәскеу арқылы коммунциялық байланыспен сөйлесіп тұрдық. Сөйлескенде беретін уақыты 3 минут қана. Осы уақыт аралығында сөйлесіп үлгеруін керек. Бір жарым минут мен, бір жарым минут жолдасым қазақша тіл қатысып, аман-саулығымызды білдірген боламыз. Сонымен тәмам.

Бастапқы кезде әйелім белгіленген күн бойынша Қапшағай қалалық телекоммуникация жүйесіне барып, «Мені Антарктидаға қосып беріңіз» демей ме? Онда отырған оператор келіншек: «Сіз өте қызық адам екенсіз. Қайдағы Москва, қайдағы Антарктида? Мына тұрған Балкаш пен Ұзынағашты қосудың өзі оңай емес. Қияндағы қиырды қайтіп алып беремін» деп шәт-шәлекей шығып тулаңқырайды.

«Сіз мендегі мына арнайы кодпен Москваға шығыңыз, олар Антарктиданы қосып береді» десе де, алған бетінен қайтпай қайтарып жібереді. Келесі жолы жолдасым өзі қаларалық байланыспен Москваға шығып, содан бастап үзбей амандығымызды білісіп тұрдық.

Ол жақта уақыт көп. Радист болғандықтан хатты морзе тілімен жазып, конвертке салып дайындап қоятынмын. Өйткені оны жөнелтудің де қиындығы бар еді. Көктем және жаз айларында кеме немесе ұшақ келгенде ғана сәлемдемемізді беріп жіберудің сәті түсетін. Сондықтан жолдаған хаттарым бір бума болып, Қапшағайдағы метостансада жатып қалса керек. Онда жұмыс істейтін орыс әйелдері: «Бұл не деген махаббат осыншама хат жаза беретін. Біреуін оқып көрелік», - дейді ғой әуестікпен. Ашып қараса жыпырлаған нүкте мен үтірден көздері сүрінеді. Хатты ақыры олар оқи алмай қайтадан желімдеп қояды. Метеостанцияға әйелім барғанда «Күләшжан бізді кешір, қызық көріп хаттың біреуін ашып едік, оқи алмадық» деп шындықтарын айтыпты. Міне, осындай қызықтар да болған.

-Морзе әліппесін қайдан үйреніп едіңіз?

-Қысқартып айтсам, морзе әліппесі нүкте және сызықша арқылы оқылады. Әрбір әріпке немесе таңбаға ток импульстерінің қысқа мерзімді нүкте және үш есе ұзағырақ сызықша сигналдың белгілі бір комбинациясы сәйкес келіп, олардың арасы нүкте ұзақтығына тең тоқсыз интервалмен бөлініп отырады. Морзе аппаратында әрбір әріп байланыс желісі мен батареяға қосылған контактыны кілттің көмегімен қосу арқылы беріледі. Яғни, бұл дегеніңіз - құпия ақпаратты бөтен адамдардың оқуына жол бермейтіндей етіп өзгерту. Орыс әйелдерінің менің хаттарымды оқи алмағаны да сондықтан. Мен Владивостокта әскерде жүргенде радист болдым, елге келген соң метеорологиялық техникумда оқыдым. Білген адамға Морзе тілімен жазудан онайы жоқ.

-Сіздің әулетті метеорологтар әулеті деседі.

-Солай десе де болады. Зайыбым Күләш Аманбайқызы Ташкенттегі метеорологиялық техникумнан бұрын Балқаш ауданында ДОСААФ арқылы радистер курсында оқыған. Екеуіміз жұп жазбай қияндағы стансаларда бірге қызмет атқардық. Ұлым Азаматтың көзін ашып көргені- метеорология стансасы. Ол біздің жолымызды тандап, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің метеорология және гидрология факультетіне оқуға түсті. Университетті бітіргеннен кейін метеорология факультетінде оқытушы, аға оқытушысы болып жұмыс істеді. География ғылымдарының кандидаты, философия ғылымдарының (PhD) докторы. 2016 жылдан бері Алматы қаласында География және су қауіпсіздігі институтының Гидрохимия және экологиялық токсикология зертханасын басқарады. Айша, Жібек, Арман есімді немерелерім бар.

-Сізді әрдайым теңізшінің бас киімімен жүргеніңізді байқап, маған мұнда бір сыр жатқанай боп көрінеді.

-Бәлкім, солайы солай шығар. Мен Владивостокта әскерде жүргенде Тынық мұхитын көрдім, суына шомылдым. Мозамбиктегі Мапута қаласы Үнді мұхитының жағалауына орналасқан. Төрт күн сонда жата - жастана тыныққанмыз бар. Антлант мұхитына қайтар жолда аяқ суыттық. Антарктида маңындағы суларын Оңтүстік мұхиты деп жеке бөледі. Яғни, төрт мұхитты көргендігімнің белгісі деп ырымдап жүргенім. Кейбір кезде Солтүстік мұхитын көріп қайтсам қалай болар еді деп іштей армандап қоямын. Дәм-түз тартып, жолым түсіп жатса, ол да қашық жер емес қой.

-Әңгімеңізге рахмет. Тілегіңізге жетіңіз.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМУЛЫ.
Қонаев қаласы.

● **ЕРКІН ІБІТАНОВ - 90**

ТАУ ДАН ШЫҚКАН ТАРЛАН АҚЫН

(Жалғасы. Басы 48-нөмерде)

Арада бір апта өтпей жатып-ақ, жол-жөнекей ұшырасып қалған ауыл адамдары шеттерінен «Өй, сендердің өлеңдерді Еркін Ібітанов газетке мақтап жазыпты. Осы шабыстарыңнан таймаңдар»*,-* деп тілеулес ниеттерін білдіріп жатыр. Мынандай жан жадыратар жақсы хабарды естігеннен кейін екі өкпемді қолыма алып, почта бөлімшесіне қарай құстай ұштым. Газет реттейтін жердің меңгерушісі біздің хат тасушының ауырып қалғанын айтып, үйге келетін газеттерді қолыма берді. Орайы келіп тұрған соң сол жерде-ақ «Советтік шекара» газетіндегі Еркін ағамыздың редакцияға түскен өлеңдерге шолу жасаған макаласын байыппен оқып шықтым. Міне, керемет! Ол кісі төртеуміздің өлеңдермізден жанды масалддарды көлденен тартып, жап-жақсы дәріптеп тастапты. Пікірін де, ұсынысын да, тілегін де әділдік тұрғысынан ағынан жарыла айтыпты. Бұған риза болмасқа әбдім қалмады. Менің достарымның да мен сияқты көңіл-күйді бастарынан кешкенін көрдім..

Көп уақыт өтпей, бір күні қас қарайған шақта үйге менімен бірге өлең жазатын Еркебай Жайлыбаев келіп тұр. Қолында бес-алты газеті бар. Қуанышын да шек жоқ. Өзінің, Мұқаметқалидың, Нұрбергеннің және менің өлеңдерім шығыпты. Басқалары тағы бар. Газеттің кәдімгідей әдебиет беті. «Талаптыға нұр жауар» деген айдардың астына Еркін ағамыз біздер туралы келісті ой толғап, сәт сапар тілепті. Сөйтіп, әрқайсымыздың екі-үштен өлеңдерімізді салыпты. Қарап тұруға не жорық. Еркебай екеуміз газеттерді алып, қуанту үшін ала-шапқын болып Нұрберген мен Мұқаметқалидің үйлеріне қарай тарттық. Бұл біз үшін есте қаларлықтай ерекше қуаныш болды. Еркін ағамызға деген ризашылығымыз бен алғысымыз да телегей теңіздей еді. Осыдан кейін ол кісіні жан-ымызға одан әрі жақын тартып кеттік.

Еркін Ібітановтың газеттерге шығып жүрген өлеңдерін жібермей оқып, сары майдай сақтап жүрдік. Жаттап алғандарымыз да жоқ емес. Бірде көшеде асығыстау кетіп бара жатқан кітапханашы Әдиша Көмекбаева әкпемізді кездестіріп қалдым. Амандықтан кейін мені тоқтаып алып: «Қанат, ертен кітапханаға келіп кетші. Мен саған Еркін ағанның екі кітабын тауып қойдым» демесі бар ма. Осыны естігеннен кейін жаным жай таппай кетті. Сабақ арасында заулап отырып Әдиша әкпеме бардым. Айтқанындай-ақ, қолыма екі кітап ұстатты. Екеуі де Еркін ағанікі деп ойладым.

Сөйтсем біреуі «Жырға сапар» деген ақындардың топтамасынан тұратын өлеңдер кітабы екен. Екіншісі Еркін ақынның «Қойшылар» кітабы. Жаңағы «Жырға сапар» кітабындағы ақындардың өлеңдерінен көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаев кең құлашты өзінің пікірін білдіріпті. Сонда алғашқылардың бірі ретінде ақын Еркін Ібітановтың поэмасы мен өлеңдеріне өте керемет баға беріпті. Мұзафар ақын Еркін ағаның өлеңдерінен жанды мысалдарды алдыға көлденен тартып, майын тамызып тұрып маркасқа ақын болатынына ешқандай да шек келтірмепті: «Еркін поэманы болсын, өлеңді болсын адам баласы өміріне оқитындай,өзінің атына затын сай етіп еркін сілтейді, еркін көсіледі. Ол өлең көшіне табиғат сыйлаған талантымен өзін бабында баптап, барынша сенім арқалап келген ақын» деп ешкім де талас тудыра алмайтындай тамаша жылы лебізін білдіргені оқырманды ойландырмай қоймайды. Ақын сол айтылған лебіз бен алғанбағасын ақтап шықты.

Сол кезеңдерде аудандық газетте істейтін, одан кейінгі жерде атақ-даңқы алысқа жайылып кеткен Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының және Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті жазушы-драматург Баққожа Мұқай өлеңді бұрқыратып жазатын. Олары аудандық газетте жиі-жиі жарияланып тұратын.



Эрнест Тельман жайында бір кітаптай поэма жазғанының да куәсі болғанбыз. КазГУ-дің «Университет» газетіне шыққан өлеңдері де көп еді. Неге екенін кейіндеп өлеңді қойып, проза мен драматургияға бел шеше кірісіп кетті. Бір көшенің бойында тұратындықтан ба, әлде әдебиетке талпынып жүргенімді қызық көре ме марқұм мені көріп қалса,қасынан оңайшылықпен жібермейтін. Айтатын әңгімесі тек өлең өлкесі жайында болатын.

● ХАЛЫҚ ДОСТЫҒЫ

КОРЕЙ МӘДЕНИЕТІМЕН ТАНЫСТЫРДЫ



Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай Қазақстан-Корей мәдениетінің тәжірибе алмасу күні аясында қалалық мәдениет үйінде Қазақстан халқына дәстүрлі және қазіргі заманғы Корей мәдениетімен жеке танысуға мүмкіндік беру, олардың Кореяға деген түсінігі мен қызығушылығын арттыруға арналған кеш өтті.

Мерейлі шараны кіріспе сөзбен ашқан Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов қазақ-кәріс мәдени байланысы бірлескен мәдени құндылықтар арқылы екі халықтың достығы нығайатындығын тілге тиек етіп, Корей Республикасының Алматы қаласындағы Бас Консулы Хэ Тэ Ук пен Оңтүстік Кореядағы «Ханин Ильбо» газетінің бас редакторы Ким Сан Уктің иығына шапан жапты.

Келесі кезекте Корей Республикасының Алматы қаласындағы Бас Консулы Хэ Тэ Ук сөз алып, кәріс халқының жапон отаршыларына қарсы күресіп, бостандыққа қол жеткізгеніне 80 жыл толып отырғанын айта келе, жиналған қауымды тарих пен бүгінгі күн арасындағы алтын көпір іспетті мюзиклді тамашалауға шақырды.

Сахнада драма, опера, эстрада, хореография секілді өнер түрлерінің басын біріктіретін музыкалық-сахналық қойылым азаттықты аңсаған кәріс халқының тарихынан сыр шертті. Онда халықтың тәуелсіздік үшін күрескен батырларының қаһармандығы мен сол жолда жанын пидә еткен ерлерінің ерлігі баяндалды.

Өз тілшіміз.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қазіргі кезде қайсы ауылда болмасын, қат-қабатымен кеңірдектен кептеліп тұрған көкейкесті проблемалар аз емес. Оның бәрі де халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына келіп тіреледі. Сондықтан да қалың қауымның мұң-мұқтажына құлақ асқан жерлерде олардың қандай қажеттілігі болса да дер кезінде қанағаттандырылып, шешімін тауып жатқаны адамды зор қуанышқа бөлейді.

ИГІЛІКТІ ІСКЕ – ЕЛ РИЗА

Осыдан 7-8 жыл бұрын Іргелі ауылдық округіне қарасты «Кемертоған» және «Көксай» ауылдарының арасындағы № 1-ші, № 2-ші МТФ деп аталатын жерлер халықты қатты қынжылысқа салған еді. Олай болатын жөні де бар болатын. Қарама-қарсы жатқан екі ауылдың ашық жатқан алаңқайларына қаптаған қалың құрылыс түсіп, МТФ-лар арқылы қатынас жасау өте қиынға соқты. Әсіресе, 100-ден асатын оқушыларға жаңадан салынған жайлы мектепке жетуге, ауыл тұрғындарына қажетті жеріне уақы-

әкімге жеріне дейін жеткізіп айтып еді. Сонда Жасұлан Тоққожаұлы халық пікірімен, ұсынысымен санасып, тиісті адамдарға қатаң тапсырма берген болатын. Міне, соның арқасында көптен бері арман болып жүрген аспалы көпір жұмысы қызу қолға алынды. Заманауи талапқа сай көпір жасалып, халықтың игілігіне берілді. Қазір көпірге дейінгі жолға жарық түсіру жұмыстары қолға алынуда.

Бұл орайда көпірді салуға тікелей мұрындық болған ауыл әкімі Арман Камалбектің,



тында баруға үлкен қолбайлау жасады.

Аталған жер аса жарлауыт болатын. Оның биіктігі көз өлшемі бойынша 7-8 метрдей. Ал, жарлауыттың екі аралығы шамамен 18 метрді құрайды. Осы МТФ-ны басып өтетін Қырғауылды өзенінің тереңдігі 1 метрге жуықтау еді. Бастапқыда екі жақтың ауыл тұрғындары жол салудың амалын іздеп, жалғыз аяқты аспалы көпір жасап еді. Бірақ, ол оңтайлы бола қойған жоқ. Одан оқушылар ұшып кетіп, жарақат алып қалған кездері аз болмады. Бұл жағдай халықты қатты күйзеліске түсірді.

«Сабақты ине сәтімен» дегендей, мұның да оңтайы оңынан туды. Аудан әкімі Жасұлан Естеновтің соңғы есеп беру жиынында ауыл тұрғындары осы мәселені

ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Егінбек Егеубектің, орынбасарлары Қалиахмет Көшкімбаев, Қален Мұсаевтардың ересен еңбек сіңіргендерін ерекше атап өткен жөн. Олар өз қалталарынан да қаражат шығарып, ауыл ардагерлері мен тұрғындарын ортақ іске ойдағыдай жұмылдыра білді. Көпірді жасауға құрылыстың кәнігі шеберлері атсалысты. Халықтың қуанышында шек жоқ. Енді автокөліктер жүретін аспалы көпір және басқа ауылдардың тұсынан осындай екі көпір салу жұмыстары жоспарланып отыр.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
журналист.
Іргелі ауылы,
Қарасай ауданы.

● АДАЛ ЕҢБЕК АДАМЫ

Адал азаматтар өз мамандығының қыр-сырын жетік меңгеріп, адал еңбек етіп, адал табыстарға жетеді. Хәм сүйікті мамандығы бойынша халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп, ел-жұртқа кеңінен танылады.

ӨЗ МАМАНДЫҒЫН ШЫНАЙЫ СҮЙГЕН АЗАМАТ



Қоғамға ең қажетті мамандықтың бірі - мал дәрігері. Өйткені мал дәрігері жан-жануарлардың ауруларын емдейді. Төрт түлік түрлерінен таралатын әртүрлі аурудың алдын алу үшін екіге салып, қажет болғанда ота жасап, олардан алынатын ет, сүт және тағы басқа өнімдерге бақылау жүргізіп, осы өнімдердің жарамды не жарамсыз екенін анықтап береді. Яғни «Медицина – адамды емдесе, ветеринария – адамзатты емдейді» деген тәмсіл тектен-тек айтылмаса керекті.

Сондықтанда мал өсірумен тұрақты айналысатын шаруашылық иелері мал дәрігерлерімен тығыз байланыста болып, көктемі және күзгі мал емдеу жұмыстарының нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.

Жыл он екі ай бойы тоқтаусыз жұмыс жасауды қажет ететін мамандық иесінің бірі - Сабыржан Ноғайбаев.

Жауапкершілігі жоғары әрі жұмысы күрделі мамандықты тандап, осы салада ұзақ жылдар еселі еңбек етіп жүрген әңгіме кейіпкері 1963 жылы Көкжиде ауылында дүниеге келген. Ол өзінің алғашқы еңбек жолын 1980 жылы «Ақкөл» совхозының N 2 фермасында жәй жұмысшы болып бастаған. 1981-1983 жылдар арасында Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп, 1984 жылы Талдықорған қаласындағы Зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумына оқуға түсіп, аталмыш оқу орнынан 1987 жылы мал дәрігері мамандығын алып шыққан.

Сүйікті мамандығы бойынша білім алған Сабыржан Ноғайбаев «Ақкөл» совхозының N2 фермасында мал дәрігері болып жұмысқа орналасқан. Ал 1991-1995 жылдары осы ферманың меңгерушісі болса, 1995 жылдан

2014 жылға дейін мал дәрігері болып жұмыс жасаған. 2014-2019 жылдар аралығында Ақжар ауылдық округіндегі Ветеринария пунктінің меңгерушісі болса, 2019-2020 жылдары Ақкөл ауылдық округіне қарасты ветеринарлық пунктінің меңгерушісі қызметін атқарып келді.

2020 жылы Ақкөл ауылдық округі әкімі болып тағайындалды. Араға бір жыл уақыт салып, яғни 2021 жылдан бастап осы уақытқа дейін Ақкөл ауылдық округінің ветеринария пунктінде мал дәрігері қызметін атқарып келеді.

Бала жасынан мал бағуды, арғымақ баптауды жаны сүйіп өскен жұмысшы мамандық иесінің еңбек жолдары-өзінен кейінгі жастарға үлгі - өнеге.

Сабыржан Ноғайбаевтың ел-жұртына сіңірген еселі еңбектері ескерусіз қалмады. Олай дейтініміз өзінің жемісті еңбек жолында көптеген құрметке бөленіп, халыққа сіңірген еңбегіне қарай ел алдында мәртебесі асқақтап, марапатталып, ауданның Құрметті азаматы атанды. Бұл-аграрлы өңірімізге еселі еңбегі сіңірген азаматтарға берілетін жоғары мәртебе.

Бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған, адал еңбекпен адал табыстарға жеткен жұмысшы мамандық иесі 2024 жылы «Қазақстанның Алтын кітабына» енгізіліп және оған арнайы төсбелгісі табысталды. Сондай-ақ «Қазақстан мәслихаттарының 30 жыл мерекелік медалімен», және «Еңбек ардагері», 2025 жылы «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Ветеринария саласының негізгі қызметі — аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу. Оны диагностикалау, малдан алынатын тамақ өнімдері мен шикізаттардың адам өміріне қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Бүгінде ветеринария мамандары аудан тұрғындарының өсіріп отырған төрт түлік түрлеріне аса қауіпті ауруларға қарсы вакциналарды салу, қан алу жұмыстарын тегін көрсетеді.

Өз ісінің хас шебері атанған Сабыржан аға зейнеткерлік жасқа да жақын қалды. Ол кісінің жүрегі мейірімге толы, достыққа адал, ортаға сыйлы, отбасында өнегелі отағасы. Аграрлы өңіріміздің негізгі саласы мал шаруашылығы болғандықтан Сабыржан ағамыз сынды мал дәрігерлерінің қызметі қашан да жоғары бағаланады.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.
Балқаш ауданы.

● БАЙҚАУ

Қараша айында Алматы облысының барлық аудандарының қатысуымен «Ауылым - алтын бесігім» тақырыбында байқау болған еді. Біздің Іле ауданының байқауы Байкент ауылының мәдениет үйінің ауласында өткізілді.

БАС ЖҮЛДЕ АЛДЫ



Кеңінен қанат жайған қазақ үйлер тігілді, колөнер көрмелері, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың тұрмыстық көріністері, ұлт аспаптар оркестрі, сәнді киінген ақсақалдар мен апалар, мың бұралған бишілер, бүркітші, тазы ұстаған батырлар, түйелер, жылқының құлағында ойнаған жігіттер, ұлттық ойындар, спорт түрлері, қысқасы, біз берекелі, ауызбірлікті ауылдың тынысын тамашаладық. Қонаққа келген адамдар бір керемет әлемге енгендей болды. Біздің халқымыздың дастарханы, қонақжайлылығы, өнері, мәдениеті барлығы көрермендерді тәнті қылды.

Келген қонақтар Мәдениет үйінің сахнасында аудан өнерпаздарының әртүрлі жанрдағы орындалған ән, күй, билерін тамашалады. Біздің де Әлібек Нұрғожа атындағы

ардагерлер халық ансамблі және «Ақниет» әжелер ансамблі облыстық гала-концертке жолдама алған болатын.

28-қарашада Қонаев қаласында әр ауданның іріктеп алынған нөмірлерінен қорытынды концерт өтті. Екі әжелер тобы жеке-жеке ән шырқадық, екі ансамбль бірігіп те халық әндерін шырқадық. Халық қошеметтеп қарсы алды. Қорытындысында Іле ауданы гранпри алып, автокөлікке ие болдық. Осындай үлкен іс-шараның басы-қасында жүрген, жанашырымыз біздің мәдениет бөлімінің басшысы Қарлығаш Ахметбаеваға алғысымыз шексіз! Биылғы жылы ауылымызда жаңа Мәдениет үйі ашылып, жаңа автокөлік алғанымызға дән ризамыз!

Баян ТҰРАЛЫҚЫЗЫ.
Іле ауданы.

● НҮСІПБЕК ИСАХМЕТОВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 90 ЖЫЛ!

Жетісу өңірінің әдебиет әлемінде өзіндік орны бар, сөз өнеріне ғұмырын арнаған көрнекті ақын Нүсіпбек Исахметов тірі болғанда биыл 90 жасқа толар еді. Ол- туған жердің табиғатын, елдің тағдырын, адамдық асыл қасиеттерді шынайы жырмен өрнектей білген сыршыл ақын.

РУХАНИ
МҰРАСЫ
МӘНГІЛІК

Нүсіпбек Исахметовтың өлеңдері қарапайымдылығымен әрі терең мағынасымен ерекшеленеді. Ақын шығармаларынан Жетісудың көркем табиғаты, қазаки болмыс, адал еңбек пен рухани тазылық айқын сезіледі. Ол сөзді сән үшін емес, ой айту, жүрекке жету үшін қолданады. Сондықтан да оның жырлары оқырманын бейжай қалдырмайды.

Ақынның шығармашылық болмысының тағы бір ерекшелігі – достық шарж, әзіл-сықақ өлеңдер жазудағы шеберлігі. Нүсіпбек Исахметов қаламдастарына, замандастарына, өнер адамдарына, мекеме басшыларына арнап жазған шарждары арқылы олардың мінезін, болмысын, жұмыстарындағы кемшіліктерді де тапқырлықпен, жарасымды әзілмен аша білді. Бұл туындыларда кекесін де, келемеж де жоқ, керісінше ақынның кең пейілі, достыққа адалдығы, адамға деген құрметі сезіледі. Достық әзілдерді жаза отырып, қоғамдағы келенсіз жайттарды да астарлап жеткізе білетін.

Өмірбаянына қысқаша тоқталсақ, Нүсіпбек Исахметов 1935 жылы қарашаның 13-де Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Бөдеті (қазіргі Кепебұлақ) ауылында дүниеге келген.

Нүсіпбек 1944 жылы Бөдетідегі бастауыш мектепке келіп, оны 1948 жылы бітірген соң, көрші Кетпен ауылындағы орта мектепті 1954 жылы аяқтайды.

1954-1959 жылдар арасында Алматының Абай атындағы педагогикалық институтын бітіріп, Ұйғыр ауданындағы Сүмбе селосының Ленин орта мектебінде ұстаздық етті.

1966 жылдан Іле ауданының Ынтымақ, Жаңадәуір селоларында мектеп директоры қызметін атқарады.1978 жылдан 1999 жылға дейін Іле ауданының мәдениет бөлімін басқарды. Еңбек демалысына шыққанан бастап өмірінің соңғы күндеріне



дейін Іле аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болды.

Ол жастайынан өлеңге, сөз өнеріне құштар болып өсті. Алғашқы өлеңдері мектепте оқып жүргенде «Қазақстан пионері» газетінде жарияланды. Бірінші жарық көрген өлеңдер жинағы-«Жырға сапар». Оған Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, А.Абдрахмановтардың өлеңдері енген.

Содан бері поэзияның жылылығы жүрегін тербеткен ақын Нүсіпбектің «Тұңғыш кітап» (1964ж.), «Туған таулар» (1968), «Ұландарым» (1974), «Ер кезегі» (1978), «Қоғалы көлдер» (1981), «Раушан гүлдер» (1981), «Ақ шағала» (1984), «Шағалалы шалқар» (1988), «Тағдыр» (1989) өлең жинақтары жарық көрді.

Ақын 1999 жылы дүниеден өткеннен кейін оның екі кітабы жарық көрді: «Ой тамшылары» (2001) және «Тұлпардың дүбірі» атты бұрынғы барлық кітаптары біріктірілген бір томдық жинағы.

Нүсіпбек Исахметов Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. Ақынның құрметіне Іле ауданына қарасты Отеген батыр кентінде және Ынтымақ ауылындағы көшелерге оның есімі берілген. Сондай-ақ ақынның туған жері — Ұйғыр ауданының Кепебұлақ ауылында бір орта мектеп оның атымен аталады.

Ақынның қаламынан туған мұра-белгілі бір кезеңнің ғана емес, ұрпақтан –ұрпаққа жалғасатын рухани қазына. Нүсіпбек Исахметовтың шығармалары уақыт өткен сайын өз маңызын жоймай, қайта құнын арттыра түсуде. Бұл-нағыз поэзияға тән мәңгілік қасиет.

Жетісудың шайыры атанған Нүсіпбек Исахметовтың есімі мен еңбегі халық жадында сақталып, оның өлеңдері болашақ ұрпаққа рухани бағдар болып қала бермек.

Роза АЙДАРБЕКОВА.

КӨҢІЛДІҢ КӨК ТІРЕГЕН КҮМІС ТЕРЕГІ ЕМІ...

Ең алғаш етене танысып кездескен кезім 1983 жылы болатын. Мен ол кезде аудандық партия комитетінің нұсқаушысы едім. Кеңестің кезінде шопандар слеті жиі өткізіліп тұратын. Ауданымыздың түкір-түкпірінен небір мықтылар шығушы еді. Бірі-ақын, бірі-әнші. Алқалы жиынның алғашқы сөзін бірінші хатшы бастайтын. Содан соң, Нүсекең жарқырап шығатын. Оны білетін жұрт та жым-жырт болып, өлеңіне зейін қоятын.

Мінберге көтерілген сәтте қалтасынан ақ парақтарын шығарып, арнауларын оқитын. Арнау болған да жәй емес. Жыл бойы кімнің қалай еңбектенгені, қандай жетістікке жеткені, кемшілігі жайлы достық әзілдер. Жиылған жұртты қыран-топан күлкіге батыратын. Ойындағы зіл батпан мәселелерден бір сәтке арылтып, езуіңе күлкі үйіретін. Ең бастысы, алдыңғы қатарда отыратын шенді-шекпенділер қылпылдап отыратын.

Елінің патриоты, сүйікті ақыны, сыйлы азаматы болды ғой. Ол кісі туралы көптеген оқиғалар мен қызықты сәттерді жайып тастауға болады. Есімі ел есінде мәңгі ұмытылмайтын азаматымыз еді ғой. Нүсекең адамды

ұлтқа бөлмейтін. Өзге ұлтың да адамдарымен еркін араласып, шүйіркелесіп жағдайын сұрап жататын. Оларға да Нүсекең еркін сөйлеп, жылы мейірімен жауап қататын. Әсіресе маған достық әзілдері өлеңдері ұнайтын. Апта сайын болмаса, екі аптада бір көріспесек жағдайымыз келіспей тұрушы еді. Өте қарапайым жан, адамдармен етене жақын жүретін. Ауданда танымайтын адамы жоқ. Бірге жүрсең кез келгені келіп, қолын алып жататын.

Бір қызық болды. Ол кезде Алматы облысының әкімі Ахметжан Есімовтың өзі болатын. Бәрімізді Балқаш ауданындағы Баканасқа жинады. Нүсекең біз жактан делегат болып барды. Жиналыс басталды. Алдымен дәстүр бойынша облыс басшысы сөз сөйледі. Одан кейін әр ауданның құрметті азаматтары шықты. Ең соңында ақындар шықты. Ахметжан мырзаның қасында президиумда ақын Тұманбай Молдағалиев отырған. Ол алдыңғы қатарда отырған Нүсекеңді көргелі кипықтап, жанындағы Есекең «Мені мынау құртайын деп отыр, тізімдегі адамдар сөйлеп болған соң, осыған да сөз беріндерші», - деген көрінеді. Жиын соңында сөйлей-

тін кім қалды деген ұсыныс түсті. Нүсекең мен сөйлеймін деп алдыға шықты. Ол бұндай жиындарда тығылып отырмайтын. Міндетті түрде мінберге шығып, жиналыс бойы тұрткілеп отырған бір бет парағына түскен сиясы кеппеген сыни арнауын оқитын.

Міне, алшандап алдыға шықты. Қырғидың көзіндей көзін алдыға қарай қадады да сәл жымиды.

Алдыға шыққан Нүсекең қолындағы арнауындағы кейіпкерлерін мақтайтынын мақтап келіп, жаңағы Тұманбай ағамызға қарап, «Тұманбайды партияның қасында жүріп өсіпсін ғой» деп сыбады. Елді қыран-топан күлкіге батырды. Оның сол кездегі өлеңі сын мен әзіл аралас керемет шығармаларының бірі еді. Ешкім өкпе-ренішін білдірмеді. Қайта жиынның артында шаршап, қалғып отырғандардың көңілін толқынды жырымен бір серпілтті.

Міне, ол кісі қоғамға керегар бір қылықты көрсе, бір шумақ өлеңімен түзеуге тырысатын. Қайран аға, қазір ол кісілердің орны ойсырап тұр. Көңілдің көк тіреген, күміс терегі еді. Бізге жетіспей тұрған жерлері де сол.

Ауданға келген, не округке сайланған бастықтардың жағасынан бірден ала түспейтін. Өліптің арғын бағатын. Екі айлап, үш айлап жүріп бір басқосқан уақытта шымшымасымен бір шықыртып алатын. Не, ол кісіні мақтауын асырып, мақтайтын. Не, жеріне жеткізіп сынайтын. Қайран Нүсекең,ақынымыз әрі жақынымыз еді ғой.

Е. ТҰРЫМБЕТОВ.
Алматы облысының
Құрметті азаматы



ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ, АЗАМАТЫ БОЛДЫ

1976 жылы аудан орталығы Өтеген батыр кентіне ауысып жатты. Жаңа жерге келіп, ауданның экономикасын көтеруге тың күш салып жатқан кезіміз. Біраз жыл өтті. Жан-жақтағы адамдарын, ақындарын танып жаттық. Нүсекеңді жиі естігеніміз болмаса, бетпе-бет кездескен адамым емес. Ең алғашқы кездесуіміз 1978 жылы. Сол уақытта Жаңадәуір ауылындағы орта мектептің директоры болып жүрген кезі. Сол кезде бір қайғылы оқиға болып Нүсекең үлкен ұлынан қапыда айырылды. Көпшілікпен бірге мен де көңіл айтуға бардым. Содан кейін араласып, кеттік. Кеңес замананың өзінде ауыздығымен қайшыласып тұратын асаудай болушы еді. Алғашқы тәуелсіздік алған жылдары тіпті өзгерді. Ол ауданда алғаш болып ашылған «Қазақ тілі» қоғамын басқарды. Қазақ тіліне деген жанашырлығы өз алдына бір төбе. Тіл дегенде жанын қоярға жер тап-

пай жанып тұратын. Бәріміз де сол тіліміз дамыса екен деп жүрдік қой. Бірақ Нүсекең ақынжанды адам. Жаратылысы бізден ерекше. Біздің ауданда қазақ мектебі атымен жоқ болатын. Бәріміз бас қосқанда айтылатын басты әңгімеміз де осы қазақ орта мектебін аудан орталығында ашу туралы болатын. Оның да ашылатын күні туды. Осы Нүсіпбек Исахметов, Кеңес Алпысбаев, алтынның сынығы Төрткен Кененқызы, мен бармын, тағы да көптеген қазақтың азаматтары қазіргі М. Мақатаев атындағы №13 орта мектепті ашуға атсалыстық. Өте қиын болды. Арты үлкен дауға айналды. Бірақ қасымызда Нүсекең сияқты ақындар болғанда ішімізден қазақ мектебінің ашылатынына нық сенімді болдық.

Сол кезде Нүсекеңнің шыр-пыр болғанын көрсеніз ғой. Ана тілін, арым деп жүретін. Ешкімнен қаймықпай сол кездегі № 8 орта ме-

тепті № 13 орта мектепке ауыстырып, жаңа білім мекемесіне ақиық ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың атын беріп, білімнің даңғыл жолына шығарып салған едік. Содан бері қаншама уақыт өтті... Қазір аталмыш білім ордасы аудандағы ең алдыңғы қатарлы мектептің біріне айналды.

Міне, осы үлкен еңбекте Нүсекең сияқты біртуар азаматтардың қолтаңбасы бар. Мен ол кісінің ақындығы жайлы көп сөз қозғаймын. Өйткені халық менсіз де өз бағасын беріп тастаған. Одан ол кісінің қоғамдағы орны мен ісіне деген адалдығын айтқан жөн болар. Ол басқалар сияқты қыл қаламын көк сияға малып ақындықтың ғана жолымен жүрген жоқ. Мәдениет саласын басқарды, мектепте директор болды. Аудандағы «Қазақ тілі» қоғамын басқарды. Ол өз заманның азаматы. Аудан тұрмақ, байтақ еліміздегі саяси өмірдің жүріс-тұрысының тамырын дәл

баса білетін. Саяси сауатты болды. Арамызда отырып ол дұрыс болмады, кейін былай өзгереді-ау деп болжап отыратын. Болжамы да тура келетін. Тәуелсіздіктен кейін жерлерді сатуға үкім шықты. Ақын сол тұста қатты қиналды. Қазағымның жері дал-дұл болатын болды-ау деп, егілетін, қайғыратын. Қанша айтқанмен ақынжанды ғой, жаны тез жараланғыш. «Қай атадан көрдің жер сатуды», - деп жанашырлығын ашық көрсетуші еді. Ата-баба демекші тарихты да терең білетін. Өзі тарихшы болатын. Дүниеқұмарлығы жоқ еді. Ауданымызға бір парағымен келіп, сол ақ парағымен абыройымен, ақ ниетімен бақилыққа аттанды.

Лирикалық шығармаларындағы ой-өрнек бедерлері, бейнелі тілімен, шымыр ұйқастығы оқырманын бірден баурап отырады. Қалай жазбасақ та дәл қазір Нүсекеңнің орнының ойсырап тұрғаны жанға батады.

Дүйсебек ҚАЛИЕВ,
Іле ауданының
Құрметті азаматы.

ұстап өтті. Сол себепті де ел оны сыйлады, сөзіне сенді. Ақынның артында қалған жырлары ғана емес, адамгершілікке негізделген өмірлік ұстанымы да-бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Нүсекең -тура мінезімен қадірлі, қарапайым болмысымен елге жақын, сөзімен де, ісімен де жұрт жадында қалған азамат.Оның жарқын бейнесі, адал пейілі мен шынайы жырлары халық жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Төрткен КЕНЕНҚЫЗЫ,
Алматы облысы және Іле ауданының
Құрметті азаматы.

ТУРА МІНЕЗДІ,КЕН, ПЕЙІЛДІ ЕМІ

Нүсіпбек Исахметов – еліміздің әдеби ортасында өзіндік орны бар, мінезі де, өлеңі де тура болған сирек жандардың бірі еді. Оның бойындағы ең басты қасиет—шындықты бүкпесіз айтуы. Артық мақтауды да, жалған жалтақтауды да жаны сүймейтін. Сөзі қандай ашық болса, өзі де сондай ашық болатын.

Нүсіпбектің тура мінезі қатқылдыққа ұласпайтын.Керісінше, оның болмысынан кеңдік пен жомарттық анық сезілетін. Қолында барын

да, жоғын да бөлісуге дайын тұратын. Жастарға ақылын аямай, жол сілтеп, демеу бола білетін. Ақынның әзіл-оспаққа, достық шаржға шеберлігі де осы кең пейілінен туындаса керек. Ол біреуді күлкі ету үшін емес, көңілін табу, ортаны жарасымды әзілмен жандандыру үшін жазатын. Әзіл-сықақ өлеңдерінің өзінен де адамға деген құрмет пен ілтипат сезіліп тұратын.

Нүсіпбек Исахметов өмірде де, өлеңде де әділеттен айныған жоқ. Ол шындықты ту етіп

ӘЙ, ҚАЗАҚ-АЙ, МІНЕЗІҢ

Әй, қазақ-ай, мінезің,
Бөлекше ғой, бөлекше
Жүз халықтан бір өзін,
Сондықтан да ерекше.

Көшедегі «соғысқа»
Ешқашан мән бермеген.
Жаудан басқа намысқа,
Қару жұмсап көрмеген.

Дастарқан ба байлығың.
Түсінбейсің мұны әлі.
Сенің қонақжайлығың,
Қорланумен тынады.

Сөз сөйлейсің еріне,
Риза болып несіпке
Біреу отыр төрінде
Өзің жүрсін есікте.

АТАКӘСІП

Әр халықтың дәстүрі, кәсібі бар,
Кәсібіне лайық тәсілі бар.
Өз халқының қыр-сырын, мінез құлқын,
Жасығы емес қашан да асылы ұғар.

Әр халықтың үйренген машығы бар,
Қыз-Жібек пен Төлеген ғашығы бар.
Қыз туады қылықты мың бұралып,
Ұл туады ұқыпты осыны ұғар.

Әр халықтың бойкүйез масылы бар,
Жау келгенде қашатын ездер алып,
Жаудан-даудан сақтайтын ұл туады,
Елім деп тау мен тасқа басын ұрар

Ер көп те ер әрқашан аз болады,
Ері бардың көліне қаз қонады,
Ердің жасап бергенін ездер алып,
Өздері орнатқандай мәз болады.

Ердің бетін елінде қақпасын де,
Ері бардың көліне қаз қонады,
Жаман бала өкпелер әкесіне,
Құдай сондай ұрпақтан сақтасын де.

Ел басына күн түсер шақ болады,
Екіталай күндерге тап болады.
Сондай кезде ұлттым деп туған ұлдар,
Жерді де, елді де аман ап қалады.

Нүсіпбек ИСАХМЕТОВ,
қазан 1999 жыл

● АЙТПАЙЫН ДЕСЕМ ДЕ...

ЖАЛҒАН ДАҚПЫРТ ПЕН ЖАЛТЫРАҚ АТАҚ

Қазіргі қоғамда атақ пен абырой-дың салмағы жеңілденіп кеткендей. Әсіресе руханият пен әдебиет саласында «бар болудан гөрі көрінуге» ұмтылыс басым. Соның бір көрінісі-жалған дақпыртқа, қағаз жүзіндегі атаққа әуестік. Бұрын қаламгерді уақыт таразылап, оқырман мойындайтын.

Бүгін арамызда «Қазақстан Жазушылар одағына» мүше болу өз алдына, одан әрі асып, «Әлем халықтарының Жазушылар одағына мүше», «Халықаралық Жазушылар одағына мүше» деген айдар тағып, соны мақтаншып көріп жүрген жандар аз емес. Олар сонысымен өздерін халықаралық деңгейдегі жазушы санайтыны жасырын емес. Сол атақтың артында тұрған шынайы шығармашылық салмақ көмескіленіп бара жатқандай.

Әрине мүшелік-жетістік. Бірақ әлемді мойындату үшін ең алдымен әлемдік деңгейде ұялмай көрсететін дүние болуы керек емес пе?! Әлемдік әдебиет тақырыптың кеңдігімен, ойдың тереңдігімен, көркемдік биігімен өлшенеді. Ал кейбір қаламгерлердің «әлемдік» деп жүрген еңбектері облыс көлемінен аспайтын, тіпті отбасылық шеңберден ұзай алмаған дүниелер болып жатады. Бұл атақтар қайдан шыққан? Қазіргі нарық жағдайы ақша табудың жолына түскен кейбірімізді ауадан ақша жасаудың әдісін үйреткен секілді. «Аңқау қазаққа арамза молда» дегендей, олар атаққұмар көпшілігімізді кәмпит берген баладай алдап, ақшамызға алдамшы жалған атақты ұсынып жүрген топтар жоқ емес. Ең сорақысы сол, жалған атақты шындай көретініміз болып отыр. Шын мәнінде қолына қалам ұстағандар еңбек жазып, ол туындылары облыс, республика асып, әлемдік деңгейге жетіп жатса неге қуанбасқа?! Республика көлемінде, жақын шет елде өзімізге таныс әдебиет әлеміне өз қолтаңбасын әкелген ақын-жазушыларымыз жоқ емес, бар. Олардың алдыңғы буыны болып Әбдіжәміл Нұрпейісов, Мұхтар Әуезов, Шыңғыс Айтматов және тағы басқа классиктерді қосар едім. Олар-әлем әдебиетінен өз орнын ойып тұрып алғандар. Оларды әлем халықтары Жазушылар одағының мүшесі

деп ұялмай, толық айтуға болар еді.

Әрине, әлемге танылу-кез келген қалам иесінің арманы. Бірақ әлемге мойындалу атақтың атауымен емес, еңбектің салмағымен өлшенуі керек емес пе?!

Менің түсінігімде, әлемдік деңгей-ұялмай ұсынатын, адамзаттық ойға қосылар үлесі бар, көркемдік пен тереңдік тұрғысынан уақыт сынынан өтетін туындылар. Ал егер жазған дүниелерің облыс көлемінен аспайтын, жанұялық тиражбен шыққан, гибрат аларлық ойы шамалы болса, онда ол туындының авторын «әлемдік деңгейдегі жазушы» дегеніміздің өзі артықтау естіледі.

Кейбір қаламгерлер екі-үш әңгіме жазып, соны «тарихта қалдыратын мәңгі мұра» ретінде дәріптеуге құмар. Айдағаны бес ешкі болса да, ысқырығы жер жарады. Олай дабыл қағу-өзіне өзі берілген жалған баға ғана.

Әдебиет-атақ үшін емес, жүрекке жұмыс істейді. Оқырманды алдай алмайсың. Уақытты да алдай алмайсың. Шынайы дүние ғана өміршен. Ал жалған дақпырт пен қолдан жасалған даңқ бір сәттік әсер қалдырғанмен, ертен ұмыт болады.

Сондықтан бізге өзімізді өзіміз алдауды доғарып, «кімбіз, не жаздық, не қалдырдық?» деген сауалға адал жауап беретін уақыт жетті. Көрпемізге қарай көсіліп, «барды бар, жоқты жоқ» деп бағалай білсек, әдебиет те, қоғам да ұтар еді. Атақ қуған көптің емес, артында сөзі қалатын аздың жолы қашан да қадырлы.

Бүгінгі әңгіме қағаз жүзінде әлемдік деңгейдегі жазушы атанып, алайда, бұл деңгейде жазғаны жоқ, болса жанұя деңгейінен аспаған, жалған дүниеге малданып, мастанып жүрген қаламгерлерге ой тастаса екен деймін. Жалған атақпен қыртығымызды жамай алмаспыз. Жүрегімізде намыс деген дүние әлі бар болса, өзімізді өзіміз алдамайық. Естір құлақ болса, әдебиет әлемі мен «әлемдік деңгейдегі жазушылар» туралы бүгін айтқан дүние-ойланатын, ойлантатын жәйт.

Өзімізді өзіміз әлемдік деңгейдегі жазушы санап, Шыңғыс Айтматов, Мұхтар Әуезов секілді заңғар жазушылардың қатарына қойғанымыз-ұят ақ іс. Аспаннан жерге түсейік. Олардай болу үшін олардың жүрген жолымен жүрейік.

СИҚЫМБЕКТИҢ
Алтынбайы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Халықтың санитариялық – эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет — көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Негізінде көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсетуіне қойылатын талаптары және оларды көрсету тәртібі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты мен регламентінде айқындалады.

«Халықтың санитариялық эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы» ҚР ДСМ 30.12.2020 ж № 336/2020 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басармасы» РММ санитариялық-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы мемлекеттік қызметтің 3 түрін көрсетеді:

1) Қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтарына зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларына, шикізаттың жаңа түрлеріне және өнімнің халықтың санитариялық - эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды (қызмет көрсету мерзімі 10 жұмыс күні).

2) Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды» (қызмет көрсету мерзімі 13 жұмыс күні).

3) Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектісіне есептік нөмір беру» (қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні).

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурстарында «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы www.egov.kz, www.elicense.kz көрсетілген. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі.

● ЖАСТАР МІНБЕРІ

«Жасыл ел» – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауы негізінде 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан кешенді бағдарлама. Сол жылы Астана қаласында «Жасыл ел» Жастар еңбек жасағының Республикалық штабы құрылып, ұлан-ғайыр мекеннің барлық аймағында бөлімшелері ашылып, өз жұмысын бастап кеткен еді. Аталмыш бағдарлама он екі жыл ішінде көптеген жастың Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, елімізді жасыл желекке айналдыру мақсатында олардың жалын-жігерін, күш-қуатын бір арнаға тоғыстыра алды.

АУДАН БОЛАШАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА!

Биылғы жылғы «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының шарасы салтанаты болып өтті. Ауданымыздан жастар еңбек жасағына 14- 17 жас аралығындағы 200 жасөспірім тіркеліп, туған жердің экологиялық проб- лемасын шешуге үлес қосудан қатар, өз қажеттіліктеріне өздері қаражат тауып, еңбекақыға жұмыс жасауда. Жастарды президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан «Адал адам - Адал еңбек-Адал табыс» қағидасына жетелейтін бұл бағдарламаның игілігі мол. Жалынды жастарды қол еңбегіне баулып, өз қабілеттері мен күштеріне негізделген еңбек нәтижесінде табыс табуға үйрету - аса маңызды. Сондай-ақ, жасөспірімдер үшін өз күштерімен табыс табу — жасөспірімдік басты қызығушылықтардың бірі болып саналады. Осы тұста, еңбектің жас талғамай- тынын айта кеткен жөн. Еңбекке ерте араласудың зияны жоқ.

Аталмыш бағдарлама тек жастарды еңбекке баулуды мақсат етпейді, Олардың бойында патриоттық рухты қалыптастыруға ықпал етіп, Таза Қазақстан қалыптастыруға септіктерін тигізуге мүмкіндік береді. Ауданымыздағы «жасыл ел» еңбек жасақшылары аудан орталығындағы саябақтар мен қоғамдық орындарды көгалдандыруға, қоқыстан тазартып, ретке келтіру мақсатында екпінді еңбек етуде, жұмыс барысын аудандық жастар орталығының мамандары арнайы қадағалап, оқушылардың жұмыс кезіндегі қауіпсіздіктерін бақылайды.

Жасыл ел- жастардың оң имиджін қалыптастыруға, оларды адал еңбек пен адал табысқа үйретуге бағытталған аса маңызды бағдарлама, жастардың уақытын тиімді өткізуге таптырмас мүмкіндік.

Акерке БИЖАН,
Райымбек ауданы

АРДАГЕРЛЕРІМ

Арадагерлерім, ақкөңіл қырандарым. Сіздерден үлгі алады ұландарың. Өсиет істерінді өнеге қып, Жүрегімнен сендерге жыр арнадым!

Жел өтінде тұрдыңдар қара ағашым, Ешқашан ойламаған қара басын, Жүріп өткен жолыңды арттағы ұрпақ, Еңбегінді үлгі қып бағаласын.

Жақсы ісіңмен жастарға бағыт бердің, Ұрпағына сара жол салып бердің. Ақиқаттың ақ жолын, таңдағын деп, Еңбек деген майданда шабыт бердің.

Алдың келді, сексеннің бесеуіне, Артың келді жетпістің екеуіне. Алладан медет сұрап жүрсіңдер ғой, Істеген еңбегіңнің өтеуіне.

Жаңа қуат, бойыңа азық алар, Ардагердің жолында қазына бар. Ардагермен сыйласып, сырлассаңыз, Ісінде бар, көп нәрсе жазып алар.

Ардагерлер, мал бағып, құм жайладың, Ұрпақ үшін, шөп шауып, арба айладың. Уақытпенен санаспай еңбек етіп, Қамыс орып, қора салып, бау байладың.

Әулетіңнің шығармай, жаман атын, Жаныңа серік болды қанағатың, Тентегінді тезге салып дер кезінде, Алланың орындадың аманатың.

Риза болдың аз-кем айлығыңа, Айлығың жетпесе де шайлығыңа. Көп жылдар басшы болып отырсаң да, Қоғамның қол салмадың байлығына.

Ардагерім, ақ көңіл аңқылдаған, Алтыңға қызықпадың жалтылдаған, Ұланым, ұрпағым деп ақыл айтқан, Даусыңнан айналдым, саңқылдаған. Біз қарызбыз, мәңгілік ардагерге, Айналдым, өздеріндей нар тұлғадан!

БЕКСҰЛТАН ҚОЛБАЕВ,
Талғар ауданы

Адамға әсер ететін физикалық факторлар және олардың маңызы

Қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен адамның денсаулығын сақтау бүгінгі күні маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Тұрмыста, жұмыс орнында және қоғамдық орындарда біз түрлі физикалық факторлардың ықпалына ұшыраймыз. Бұл факторлар адамның жалпы жағдайына, еңбек өнімділігіне және ауыз мерзімді денсаулығына тікелей әсер етеді.

Шу деңгейінің шамадан тыс жоғары болуы жүйке жүйесін шаршатады, ұйқыны бұзады, көңіл-күйдің төмендеуіне әкеледі. Ұзақ уақыт бойы әсер еткен шу есту қабілетінің төмендеуіне себеп болуы мүмкін. Ал вибрациямен ұзақ жұмыс істейтін жұмысшыларда қанайналым бұзылыстары, қол-аяқтағы ауыру сезімдері байқалады. Сондықтан өндіріс орындарында шуга қарсы экрандар, қорғаныс құралдары және вибрацияға қарсы жабдықтар қолдану міндетті.

Ауа температурасының тым жоғары немесе төмен болуы да организмге зиян. Ыстық ортада дене қызып, сусыздану қаупі туса, суық ортада ағза тез тонып, иммунитет әлсірейді. Ал ылғалдылықтың қалыптан ауытқуы тыныс алу жолдарына әсер етеді. Осы себепті жұмыс орындарында микроклиматтың белгіленген нормаларын сақтау маңызды.

Дұрыс ұйымдастырылған жарық көру қабілетінің сақталуына, адамның жұмысқа деген белсенділігіне ықпал етеді. Жарық жеткіліксіз болса, көз тез шаршап, бас ауыруы пайда болады. Тым жарық немесе дұрыс бағытталмаған жарық көзге кері әсер етеді. Сол себепті табиғи және жасанды жарықтандыру нормалары әр нысанда қадағаланады.

Заманауи техникасы көп ортада электромагниттік өріс деңгейі жоғары болуы мүмкін. Ұзақ әсер еткенде ол адамның жүйке жүйесіне кері ықпал етіп, шаршағыштықты күшейтеді. Ал иондаушы радиация — ең қауіпті физикалық факторлардың бірі. Оның алдын алу үшін арнайы бақылау, қорғаныс қабырғалары, жеке қорғаныс құралдары қолданылады.

Өндіріс орындарында жоғары қысым, өткір заттар, қозғалыстағы механизмдер, ыстық беттер мен электр тоғы сияқты физикалық қауіптер бар. Олар жарақатқа, күйікке немесе басқа да еңбек қауіпсіздігіне қатысты тәуекелдерге әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік техникасын сақтау және арнайы оқыту — қызметкерлерді қорғаудың басты жолы.

Адамға әсер ететін физикалық факторлар көзге көрінбейтін, бірақ денсаулыққа айтарлықтай ықпалы бар элементтер. Олардан туындайтын қауіптің алдын алу — тұрмыста да, өндірісте де маңызды. Санитариялық нормаларды сақтау, қауіпсіздік талаптарын орындау және профилактикалық бақылау — қоғам денсаулығын сақтаудың негізгі тетіктері.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

АЛАТАУ Ардагері Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ	БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310 ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сиқымбек Тел.: 8 705 965 3661 Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. «Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек. Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.	Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген. Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В. МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3400 Тапсырыс №2766 Индексі – 65472.
---	---	--	--